

Ауа тазартқышы

Mi Air Purifier 3H

Пайдаланушының нұсқаулығы



Құрылғының тағайындалуы

Бұл құрылғы үй-жайдағы ауа тазартуға арналған.

Сақтық шаралары


- Осы нұсқаулықпен мұқият танысыңыз және оны құрылғымен кейін жұмыс істеген кезде анықтама материал ретінде қолданыңыз.
- Көшірудің алдында ауа тазартқышын сөндіріңіз және штекерді розеткадан суырыңыз.
- Ауа тазартқышы желдеткіш торын және сүзгіге арналған бөліктің қақпағын дұрыс емес орнатқан кезде қосылмайды.
- Ауа жинағыш тесіктер мен қабырғалар немесе басқа заттар арасында кемінде 20 см қашықтығы қалуы тиіс.
- Үнемі бактериялардың есу ықтималдығын төмендету үшін сүзгінің сыртқы торлы экранынан, сондай-ақ өнімділігінің төмендеуін болдырмау үшін ауа тазартқышының ауа жинағыш және шығару тесіктерінен шаңды, шашты және басқа бөлшектерді жойыңыз.
- Ауа тазартқышы ұзақ уақыт бойы қолданылмаса, шаңның, шаштың және басқа бөлшектердің түсуін болдырмау үшін ауа шығаратын тесікті жабыңыз.

Өртті, электр тогымен зақымдануды және басқа нұқсанды болдырмау үшін қуат баусымын және электрлік розеткаларды төмендегі нұсқаулыққа сәйкес қолданыңыз:

- Қуат баусымын тарту үшін тым көп күш салмаңыз, оны ширатпаңыз және бүктемеңіз, өйткені бұл қуат баусымының электрлік сымның жалаңаштануына немесе сынуына әкелуі мүмкін.
 - Қуат баусымы қолайлы электрлік жалғағышқа енгізілуі тиіс.
 - Ауа тазартқышымен бірге жеткізілетін қуат баусымын қолданыңыз, қандай да бір басқа қуат баусымдарын қолданбаңыз.
 - Техникалық қызмет көрсеткен кезде немесе ауа тазартқышын көшірген кезде әрдайым ауа тазартқышының электр қуатының баусымын розеткадан суырыңыз.
 - Егер электр қуатының баусымы зақымдалса, оны өндірушіден немесе тиісті сервистік орталықтан сатып алған түпнұсқалы баусымға ауыстырыңыз.
-
- Ерекше шуылдар, жағымсыз иіс пайда болса, желдеткіш қызып кетсе немесе әркелкі айналса, ауа тазартқышын қолдануды дереу тоқтатыңыз.
 - Құрылғының қорғаныс бөлшектеріне, жылжымалы бөлшектеріне, ауа жинағыш немесе шығару тесіктеріне саусағыңызды немесе басқа заттарды салмаңыз.
 - Құрылғыға отырмаңыз, сүйенбеңіз және оны еңкейтпеңіз.
 - Газ жабдығымен (мысалы, газ пештері немесе су қыздырғыштар) бірге қолданған кезде, уландырғыш газбен улануды болдырмау үшін жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз.
 - Құрылғының ауа шығаратын тесігіне сұйықтықтар құймаңыз, ұнтақтарды немесе қандай да бір басқа заттарды сеппеңіз.
-
- Құрылғыны ашық алау кездерінің, мысалы, майшамдардың, кадило сауыттарының, плиталардың, каминдердің, шылымның, петардалардың, шақпақтардың, өмбебап жанарғылардың немесе қуыратын табалардың жанында орналастырмаңыз.
 - Құрылғыны қыздырғыш аспаптардың, мысалы, электрлік қыздырғыштардың, желдеткіш ауа қыздырғыштардың, аяққа арналған электрлік жанарғылардың, электр плиталардың және электрлік үтіктердің жанында қолданбаңыз.
 - Ауа тазартқышына тез тұтанатын заттардың түспейтініне көз жеткізіңіз.
 - Құрылғыны төңкеріп алмау үшін тұрақсыз жайғасымда қолданбаңыз.
 - Құрылғыны төтенше жоғары температурасы, ылғалдылығы немесе дымқылдығы бар ортада, мысалы, ванна бөлмесінде қолданбаңыз.
 - Құрылғы балалардың және олардың қауіпсіздігі үшін жауапты болатын басқа тұлғалар бақылауды жүзеге асырайтын жағдайларды қоспағанда, физикалық, сенсорлы немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған.
 - Балалардың құрылғымен ойынамауын қадағалаңыз.
 - Балалар ересектердің қарауынсыз аспапты тазартуды және оған қызмет көрсетуді орындамауы тиіс.
 - Осы құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.


Құрылғыны шолу

Ескертпе: құрылғының, керек-жарақтардың және осы пайдалану нұсқаулығындағы пайдаланушылық интерфейстің иллюстрациялары тек қана таныстыру мақсатында келтірілген. Аспаптың және оның функцияларының нақты сипаттамалары өнімді жақсартуларға байланысты ұсынылғандардан ерекшеленуі мүмкін.



Құрылғыны шолу


Дисплей



Орнату


1 Сүзгіге арналған бөлікті ашыңыз

Ысырманы басып, сүзгіге арналған бөлікті ашыңыз. Сүзгінің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.




2 Қуат баусымын алып шығарыңыз

Қуат баусымын алып шығарыңыз және сүзгіге арналған бөлікті жабыңыз.




3 Қуат баусымын розеткаға қосыңыз

Қуат баусымының бір ұшын құрылғының төменгі бөлігіндегі тиісті жалғағышқа, ал басқа ұшын - розеткаға жалғаңыз.



Пайдалану



Ауа тазартқышты орналастыру


Аспаптың оңтайлы жұмысы үшін, құрылғыны жоғарғы суретте көрсетілгендей қабырғалардан және/немесе басқа объектілерден 20 см және одан артық қашықтықта орналастырыңыз.

Ескертпе: құрылғының оңтайлы жұмысы үшін есіктерді және терезелерді жабу ұсынылады.



Режимдерді қосу/сөндіру және таңдау батырмасы

Ауа тазартқышын қосу үшін басыңыз, кейін режимді таңдау үшін басыңыз. Ауа тазартқышын сөндіру үшін басыңыз және екі секунд бойы батырманы басып тұрыңыз.




Дисплейдің көмескі жарығын қосу/сөндіру батырмасы

Көмескі жарықты қосу/сөндіру немесе оның жарықтығын реттеу үшін ауа тазартқышының артқы панеліндегі батырманы басыңыз.

Пайдалану

Wi-Fi теңшелімдерін ысыру

Егер құрылғыға қосыла алмасаңыз, бір мезгілде экранды қосу және жұмыс режимін таңдау батырмаларын басыңыз және оларды 5 секунд бойы басып тұрыңыз. Wi-Fi теңшелімдері ысырылғанын білдіретін дыбыстық сигнал естіледі.



Mi Home қолданбасын орнату

Сіз Mi Home қолданбасында құрылғыны басқара аласыз.




QR-кодты сканирлеңіз немесе Сіздің құрылғыңыздағы қолданбалар дүкенінде Mi Home қолданбасын табыңыз және оны орнатыңыз. Қолданбаны ашыңыз. Сіздің құрылғыны қосу үшін жоғарғы оң жақ бұрышта "+" басыңыз. Қосымшадағы нұсқауларды орындаңыз. Ескертпе: қолданбаның нұсқасы жанартылуы мүмкін. Қолданбаның ағымдағы нұсқасына арналған нұсқауларды орындаңыз.

Сүзгінің жай-күйі




1 Түпнұсқалы сүзгіні орнатыңыз

Сүзгі жоқ немесе түпнұсқалы емес сүзгі енгізілді.



2 Сүзгінің қызмет ету мерзімі

Дисплейде 10 % асып кететін сүзгінің қызмет ету мерзімі көрсетіледі.



3 Сүзгіні ауыстыру

Сүзгіні 6-12 ай сайын ауыстырыңыз. Егер сүзгінің қызмет ету мерзімі 10% немесе одан кем болса, құрылғыны қосқан сайын дисплейде QR-код және сүзгінің қалған қызмет ету мерзімі көрсетіледі (% түрінде).

Ескертпе: сүзгіге арналған бөліктің ішкі жағындағы сүзгіні ауыстыру бойынша нұсқаулықты қараңыз.


Ескертпе: сүзгі артық зиянды газдарды сіңіре алады, соның себебінен жағымсыз иістер шығуы мүмкін. Сүзгінің сіңіргіш қабілетін қалпына келтіру үшін, оны жақсы жарықтандырылатын және желдетілетін жерде сақтау ұсынылады. Пайдаланылған сүзгілерін үнемі ауыстыру ұсынылады.

Күтім және қызмет көрсету

⚠ Ауа тазартқышы сөндірілгеніне және желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

Сүзгіге арналған бөлікті тазарту


Ауа жинағыш тесіктерін және сүзгіге арналған бөлікті тазарту үшін шаңсорғышты немесе жұмсақ шүберекті қолданыңыз.



Ауаның ластану қадағасы

Қадаға қақпағының ысырмасы сүзгі бөлігінің жоғарғы жағында орналасқан. Саусақпен ысырманы басып, қақпағын алып тастаңыз (А суреті).

Қадағаның торын және қадағаның өзін шаңнан үрлеп тазарту үшін сығылған ауаны немесе фенді қолданыңыз (Б суреті).



Ескертпе: ыстық ауаны қолданбаңыз.

Техникалық сипаттамалары

Атауы	Mi Air Purifier 3H аяа тазартқышы	Номиналдық кернеуі	100–240 В~	Тазарту өндіргіштігі (CADR-бөлшектер)	380 м³/с
Үлгісі	AC-M6-SC	Номиналдық жиілік	50/60 Гц	Тазарту өндіргіштігі (формальдегид)	60 м³/с
Өлшемдері	240 × 240 × 520 мм	Номиналдық қуаты	38 Вт	Бөлшектерді тазартудың тиімділігі	Жоғары
Таза салмағы	шамамен 4.8 кг	Шуыл деңгейі	64 дБ(А)	Формальдегидті тазарту тиімділігі	Жоғары
Тиімді әрекет ету аймағы	26–45 м² *	Сымсыз қосу	Wi-Fi IEEE 802.11 b/g/n 2,4 ГГц	Күту тәртібінде энергияны тұтыну	< 2.0 Вт
Ең жоғары радиожилікті шығу қуаты			Wi-Fi 2.4 G (2400 - 2483.5 МГц): 17.78 дБм RFID (13.56 МГц): 0 дБм		

*Есептеулер Q/BJZMK0001-2018с стандартына негізделген

Кепілдікті қызмет көрсету шарттары

Өндіруші құрылғының кепілдік мерзімінің ішінде үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылымында ақаулардың жоқтығына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге, пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен болмаған істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Жұмыс істеп тұрған сервис орталықтарының мекенжайы:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көшіру), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қаптамасында өндірушінің және тұтынушының жылытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғыны ұқыппен қолдануды талап етеді, оны шаңның, кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс. Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорынан ала аласыз.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторластырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Бэйцзин Смартми Электроник Тэқнолоджи Ко., Лтд.
К. 201- 203, 6 корп., А құр., Чжуфан шоссесі 66, Цинхэ, р-н Хайдянь ауд., Пекин, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,
Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының келесі техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтың қауіпсіздігі туралы».

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: «ЭКСПОТЕСТ» ЖШҚ,
214000, Ресей, Смоленск облысы, Смоленск қ-сы, Маршал Жуков, 9 үй, 4 кеңсе.

Тауар «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕЭО КР 037/2016 Еуразиялық экономикалық одағының кедендік регламенті талаптарына сәйкес келеді.

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы: «ЭРА» ЖШҚ,
127349, Ресей, Мәскеу қ., Шенкурский өтпе жолы, 3Б үйі, 101 кеңсе.
Құрылғының сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жиынтықтамасы алдын-ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

TM: Mi.



